

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Аэроғарыш комитетіне аккредитивтер ашу және олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1407 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Аэроғарыш комитетіне:

"М.В. Хруничев атындағы Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығы" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорнымен (бұдан әрі - М.В. Хруничев атындағы МҒҒӨО) жасалған 2004 жылғы 23 шілдедегі N 18 (398/17664075/40320) шартқа сәйкес 105 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" бюджеттік бағдарламасы бойынша;

М.В. Хруничев атындағы МҒҒӨО-мен жасалған 2004 жылғы 23 шілдедегі N 19 (398/17664075/40330), Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің "Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен жасалған 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 27/649, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-пен жасалған 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 26/39/04 шарттарға сәйкес 100 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстар үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен іс-шаралар өткізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша аккредитивтер ашу және олардың қолданылу мерзімдерін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы